

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 10 желтоқсаны

KASE 2020 жылға қараша айына биржалық нарықтың жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың қараша айына негізгі жұмыс қызметі туралы ақпарат ұсынады.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2020 жылдың қараша айында 10,2 трлн теңгені құрады, қазан айындағы кезеңімен салыстырғанда 3,2 % немесе 319,5 млрд теңгеге өсті.
- KASE Индексі мәні 5,3 % немесе 129,41 өсіп, 2 586,34 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 2,7 % өсіп, 482,3 млрд теңгеге артып, 18,4 трлн теңгені құрады.
- Листингілеуден мемлекеттік емес бағалы қағаздардың 8 эмитенті өтті, сонымен қатар, 2 компанияның бағалы қағаздары алғаш рет Биржаның ресми тізіміне енгізілді.
- 2020 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 186 эмитенттің 460 мемлекеттік емес бағалы қағаздары тіркелген.
- 2020 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 129 267 жеке шот тіркелді, ол өткен айға қарағанда 1 948 шотқа артық, 2020 жылдың басына қарағанда 11 572 шотқа артық.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2020 жылдың қараша айында KASE келесі іс-шаралар мен жобаларды өткізді:

- 30 қарашадан бастап, Биржа валюталық нарықта жаңа сауда-клирингілік жүйесін ASTS+ пайдалануға енгізді. Аталмыш күннен бастап, валюталық нарықтың барлық қаржы құралдарымен сауда-саттық бес валюталық жұбын қосқанда (USDKZT, RUBKZT, CNYKZT, EURKZT, EURUSD) есептеулері теңгемен АҚШ доллары, ресей рублі, қытай юаніне қатысты валюталық своп операцияларын, T+0, T+1 және T+2 есептеулерін жүргізу мерзімімен бес валюталық жұбын қоса және доллардың теңгеге бағамын жеткізу фьючерсі ASTS+ жүргізіледі.
- 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап, Қазақстанда акциялармен биржалық сауда-саттықты түрлендіруге бағытталған, акциялар нарығында жеке инвесторлардың конкурсы аяқталды. Конкурсқа 634 инвестор қатысты, олар 150 млн теңгеге 3 561 мәміле жасады. Конкурс жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.
- 2020 жылдың 18 қарашасында Биржа "NGDEM Finance" бірлесіп, KASE саудаланатын, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары (ETF) туралы инвесторлармен онлайн кездесу өткізді.
- 2020 жылдың 16 қарашасында Қазақстан және өзге де елдердің жоғарғы оқу орындары студенттері үшін ұйымдастырылған "Биржалық симулятор" білім беру жобасы аясында оқу жаттығу сауда-саттығы басталды. Конкурс 2020 жылдың 15 желтоқсанында аяқталады.
- 2020 жылдың 12 қарашасында KASE Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамымен

бірлесіп, компанияның қаржы және заң бөлімшелері қызметкерлері үшін қор нарығының негіздері бойынша дөңгелек үстел өткізді.

- 2020 жылдың 09 қарашасында KASE "Инвесторлармен жаңа реалыда өзара әрекет ету" тақырыбында онлайн семинар өткізді. Семинарда инвесторлардың компанияға деген қызығушылығын арттыру үшін және инвесторлармен негізгі байланыс каналдарын үшін ақпарат ашудің негізгі аспектілері ұсынылды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Қараша айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын қаржыландыру 2,7 % немесе 482,3 млрд теңгеге артып, 18,4 трлн теңгені (43,5 млрд USD) құрады.

Қараша айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 125 эмитенттің 141 атаулы акциялары орналастырылды, олардың ішінде бес шығарылым бейлистингілік бағалы қағаздар секторында айналымға жіберілді. Есептік айда жаңа акциялар ресми тізімге енгізілген жоқ.

Қараша айында акциялармен сауда-саттық көлемі 2020 жылдың қазан айына қарағанда 3 есе немесе 27,4 млрд теңгеге өсіп, 42,6 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа көлемі 2 млрд теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 1 063, бір мәміленің орташа көлемі – 1,9 млн теңге.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта белсенді болғаны жеке тұлғалар, олардың шоттарына акциялармен мәмілелердің жалпы көлемінің 38,1 % келді. Брокер-дилерлердің үлесі 19,6 % құрады, өзге институционалдық инвесторлар – 3,3 %, өзге заңды тұлғалар 39,1 %. Бейрезиденттердің қатысуы 15,6 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың қараша айында KASE Индексі 5,3 % дейін немесе 129,41 нүктеге өсіп, 2 586,34 нүктені құрады. Индекс акцияларымен мәміле көлемі қараша айында (арнайы мамандандырылған сауда-саттықсыз) 21,8 млрд теңгені құрады, ол қазан айындағы көрсеткіштен 54,1 % жоғары.

KASE өкілеттік тізіміне кіретін акциялардың бағасын өзгерту

Эмитент	Сауда-саттық коды	баға өзгеруі		
		01.11.2020	01.12.2020	қараша айында
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	800,00	900,10	+12,5%
"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ	HSBK	109,17	122,00	+11,8%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	3 271,00	3 515,00	+7,5%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	25 112,00	26 130,00	+4,1%
"Казатомпром" АҚ	KZAP	6 050,00	6 273,00	+3,7%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 676,59	1 699,00	+1,3%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 720,00	2 730,00	+0,4%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	218,00	217,90	-0,05%

Есептік айдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің өкілеттік тізімінің акциялары арасындағы өсім көшбасшысы "КазТрансОйл" АҚ болды, олар 12,5 % қымбаттап, 900,1 теңгені құрады. Мұнай компаниясының баға белгілеуінің өсімінің айтарлықтай бөлігі қараша айының екінші жартысына келді.

КазТрансОйл акцияларының пайдасына Fitch рейтингілік агенттігінің шет елдік валютамен "BBB-" деңгейінде, эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін "Тұрақты" болжаммен растауы орын алды. Агенттіктің күтуіне сәйкес, компания мықты операциялық және қаржылық бейнесін сақтап отыр. КазТрансОйлдың бизнес бейнесін Қазақстандағы мұнай құбырының ұлттық операторы ретінде компанияның басым позициясымен, сондай-ақ еліміздің экономикасы үшін оның стратегиялық маңыздылығымен қолдау көруде. Борыштық жүктеменің болмауы агенттіктің мықты несие қабілеттілігі көрсеткішіне қатысты күтімді нығайтуда.

Одан басқа, компанияның баға белгілеуіне 2020 жылдың тоғыз айына қаржылық нәтижелерінен қолдау көріп отыр. Компанияның хабарламасына сәйкес, КазТрансОйлдың 2020 жылдың қаңтар-

қыркүйек айларындағы шоғырландырылған таза табысы 51,9 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 38 % артық. Шоғырландырылған түсім 2 % қысқарып, 177 млрд теңгені құрады. Салық салуға дейінгі төлем 29,3 % өсіп, 63,7 млрд теңгені құрады, операциялық табысы 36,6 % өсіп, 54,3 млрд теңгені құрады.

Халық банктің 11,8 % акциясы өсімді көрсетіп, бір айда акциясы 122,0 теңгеге артты.

2020 жылдың 23 қарашасында Fitch Ratings Банктің эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингілік бағасын "BB+" деңгейінде растады, сондай-ақ болжамды "Негативті" деңгейінен "Тұрақты" деңгейінде растады. Рейтингілік агенттік сондай-ақ банктің аға қамтамасыз етілмеген борыштық рейтингін "BB+" (ISIN: XS0867478124, XS0867573890, XS0583796973, US46627JAB08, KZ2C00003077, KZ2C00002855, KZ2C00003069) деңгейінде растады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі қараша айында 2,6% немесе 382,2 млрд теңгеге азайып, 14,4 трлн теңгеге (34,1 млрд USD) жетті.

Қараша айының соңындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 68 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 271 шығарылымы болды. Есептік айда KASE ресми тізіміне алты эмитенттің (екі жаңа) корпоративтік облигациялардың он екі шығарылымы енгізілді: "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ төрт шығарылымы, "Байтерек" Ұлттық басқарушы холдингі АҚ үш шығарылымы, Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық Ұйымы АҚ екі шығарылымы және "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры АҚ, "Кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ және "ДАМУ АГРО" СПК ӨК бір шығарылымнан.

Есептік кезеңде ресми тізімнен айналым мерзімі аяқталуына байланысты бес корпоративтік облигациялардың шығарылымы шығарылды: "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы АҚ халықаралық облигацияларының екі шығарылымы және "АТФБанк" АҚ халықаралық облигациялары шығарылымы мерзімінен бұрын өтеуге байланысты, "ARLAN WAGONS" ЖШС эмитенттің бастамасы бойынша және "AMF Group" АҚ шығарылымы айналым мерзімі өтуіне байланысты.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні қараша айында 6 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,99 % құрады.

Қазан айына қарағанда Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі 60,8 % немесе 305,3 млрд теңгеге төмендеп, 196,7 млрд теңгені құрады. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 9,4 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны – 16, бір мәміленің орташа көлемі – 585,3 млн теңге.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында үш эмитенттің бес облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 157,3 млрд теңгеге орналастырылды:

- "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,87–11,09 % үш шығарылым облигацияларын орналастырып, 57,3 млрд теңге тартты.
- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 6,02 % он екі жылдық екі шығарылым облигацияларын орналастырып, 200 млрд теңге тартты;
- "Байтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KZ2C00007052 (BTRKb4) екі жылдық облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 11,3 % орналастырып, 50 млрд теңге тартты;
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ он жылдық облигацияларын KZ2C00007011 (IDFRb2) жылдық 11,8 % тартып, 50 млрд теңгені орналастырды.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 30 %, брокер-дилерлердің үлесі – 7,9 %. Басқа институционалдық инвесторлар – 30,4%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 31,8 %.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі қараша айында 36,3 % немесе 22,4 млрд теңгеге төмендеп, 39,8 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 11,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 18,4 %, басқа институционалдық инвесторлар – 41 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 27,7 %, жеке тұлғалардың үлесі - 1,8 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 24,3 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Қараша айының қорытындысы бойынша Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы 1,9 % немесе 308,1 млрд теңгеге өсіп, 16,5 трлн теңгеге (39 млрд USD) өсті.

Қараша айында МБҚ нарығы көлемі 66,6 % немесе 429,3 млрд теңгеге төмендеп, 215,7 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 10,3 млрд теңге (қайталама нарықта – 2,3 млрд теңге), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 6 (қайталама нарықта – 2), бір мәміленің орташа көлемі – 1,8 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 1,1 млрд теңге).

Алғашқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 167 млрд теңгені құрады, қазан айындағы көрсеткіштен 72,5 % есе немесе 441,1 млрд теңге жоғары. Олардың ішінде 6,2 млрд теңге екі облыстың әкімдіктері "2020–2021 жылдарға жұмыспен қамту жол картасы" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында тартты. Қаржы министрлігі 160,8 млрд теңге тартты, қыркүйек айына қарағанда ол көрсеткіш 60,4 % жоғары. Барлығы қараша айында орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,07–10,50 % -бен (жылдық 10,00–10,50 %) 7 облигациялық шығарылымы орналастырылды.

Алғашқы нарығындағы МБҚ сатып алушылар ретінде ЕДБ қатысты, олардың үлесі 88,1 %, өзге институционалдық инвесторлар – 0,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 11,2 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 14,4 % болады.

Қараша айының қорытындысы бойынша қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 31,8 % немесе 11,7 млрд теңгеге өсіп, 48,7 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық айналымынан МЕКАМ мәмілелеріне 80,7 % немесе 39,3 млрд теңгеден келді. 7,6 % немесе 3,7 млрд теңге – Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарын құрады. Қалған 11,7 % (5,7 млн теңге) аз көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигацияларына және шет мемлекеттердің МБҚ облигацияларына келді.

Инвесторлар құрылымында ЕДБ қайталама нарығында 44 %, брокер-дилерлерге – 6,1 %, өзге институционалдық инвесторларға – 38,2 %, өзге заңды тұлғаларға – 11,6 %, жеке тұлғалардың қатысуы 1 % асқан жоқ. Резидент еместердің қатысу үлесі 1,1 %.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 32 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Қараша айында ХҚО облигациялар секторына облигациялардың үш шығарылымы енгізілді: Еуропа даму және қайта құру банктің халықаралық облигациялары шығарылымы және Азия даму банкінің "жасыл" халықаралық облигацияларының екі шығарылымы.

Қараша айында сауда-саттық көлемі 95,1 млрд теңгені құрады, ол өткен айға қарағанда 2,6 млрд теңгеге артты.

ХҚО облигацияларының алғашқы нарығында екі эмитенттің жалпы сомасы 94 млрд теңгеге үш облигациялары шығарылымы орналастырылды:

- Еуропа даму және қайта құру банкі XS2252216937 (EBRDe12) төрт жылдық халықаралық облигацияларды жартыжылдық купонға 1 % маржамен орналастырып, жазылым арқылы 80 млрд теңге тартты;
- Азия даму банкі жазылым арқылы екі жылдық "жасыл" халықаралық облигацияларды жылдық 10,10 % және 10,12 % орналастыра отырып, жазылым арқылы 14 млрд теңге тартты.

ХҚО облигацияларының алғашқы нарығында инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесі 5,8 %, өзге институционалдық инвесторлар – 88,8 %, өзге заңды тұлғалар – 5,4 % тартты.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 1,1 млрд теңгені тартты, ол өткен айға қарағанда 59,1 % немесе 1,5 млрд теңгеге аз. Сауда-саттыққа жеке тұлғалардың шоттары қатысты.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҮЛДАРЫ

01 желтоқсандағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында тоғыз компанияның басқаруындағы 13 қаржы құралы болды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 3,1 млрд теңгені құрап, өткен айымен салыстырғанда 340 млн теңгеге немесе 12,3 % өсті.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
RU_UKFFipo	2 115,9	668
CSECfe	757,6	15
IE_FXBF	103,3	68
CSECgm	98,3	9
US_SPY_	21,8	77
US_BIL_	6,7	3
FFIN_or	5,5	53
FHJpc	2,2	2
FHJlq	2,2	2
	3 113,4	897

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 43,6 %, брокер-дилерлердің үлесі – 32,1 %, 22,7 % – өзге заңды тұлғалардың үлесі, өзге институционалдық инвесторларға – 1,6 % болды.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 129 267 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш алдыңғы айға қарағанда 1 948 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 11 572 шотқа артты.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2020 жылдың қараша айында Қазақстан қор биржасында шет елдік валюталар нарығында KASE 30 мүшесі қатысты. Есептік кезеңде нарықта "Freedom Finance" АҚ және "CAIFC INVESTMENT GROUP" Ақ екі брокер қатысты, сауда-саттықтағы брутто айналымдағы қатысу үлесі 0,1 % құрады.

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі қараша айында 1,04 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 1,7 % немесе 17,7 млрд теңгеге артық. Орташа күндік мәмілелер саны – 49,4 млрд теңге, бір мәміленің орташа көлемі – 366, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 135,1 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлему, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	2 344,12 (-2,4%)	96,7 % (-0,9 %)	7 364 (-349)	422,60 – 434,62	425,07 (-1,8 %)
RUB/KZT	5 054,95 (+45,6%)	2,7 % (+0,9 %)	228 (+84)	5,4134 – 5,6330	5,5840 (+2,1 %)
CNY/KZT	65,72 (-19,0%)	0,4 % (-0,1 %)	69 (+18)	64,3870 – 65,7131	64,7473 (-0,2 %)
EUR/KZT	2,68 (x3,3)	0,1 % (0,09%)	21 (+9)	504,40 – 511,30	507,95 (+0,4 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Қараша айының аяғында TONIA индикаторы (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша бір жұмыс күнінен орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 130 б.н. артып, жылдық 8,6 %-дан 9,9 %-ға жетті.

TWINA индикаторы мәні (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша мерзімі жеті жұмыс күніне орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 29 б.н. төмендеп, жылдық 9,32 % -дан 9,03 % -ға жетті.

2020 жылдың 30 қарашасынан бастап KIBOR, KIBID және KIMEAN банкаралық депозиттер нарығы индикаторларын есептеу тоқтатылды.

Қараша айының соңында бір күндік долларлық своп операцияларының кірістілігі SWAP-1D (USD) 7,68 % ден 9,8 %-ға артып, 212 б.н. құрады. Екі күндік своп операцияларының кірістілігі SWAP-2D (USD) сондай-ақ, жылдық 7,51 % -дан 10 %-ға артып, 249 б.н. құрады.

USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша және бір жұмыс күніне ашылған, МБҚ автоматты репо операциялар бойынша орташа сараланған мәміле көлемі арқылы кірістілік мәнін көрсететін қаржы нарығының композиттік индикаторы MM_Index, 138 б.н. артып, жылдық 8,52 %-дан 9,90 %-қа дейін төмендеді, қараша айында орташа сараланған мөлшерлемесі 8,92 %.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 8,28 трлн теңгені құрады, өткен айдың көрсеткішінен 941,3 млрд теңгеге немесе 12,8 % артық. Repo операцияларының орташа күндік көлемі 394,5 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 358, бір мәміленің орташа көлемі – 1,1 млрд теңге.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтар көлемі 346,8 млрд теңгеден, ол қазан айында 8,2 млрд теңгеге немесе 2,4 % төмен. Валюталық своп операциялары көлемі қазан айында теңге-АҚШ доллары жұбымен 99,7 %, 0,03 % – EURKZT құрады.

Операцияларының орташа күндік көлемі қазан айында 16,5 млрд теңгені, орташа күндік мәмілелердің саны – 5, бір мәміленің орташа көлемі – 3,7 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 65,5 % бір күндік валюталық своптардың нарығында (USDKZT_0_001) үлесінде болды, екі күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT_0_002) жалпы сауда-саттық көлемінен 28,9 % (USDKZT_0_01M). Бір айлық валюталық своп мәмілесіне жалпы сауда-саттық көлемінен 5,6 % (USDKZT_01M), бір күндік валюталық своп жалпы сауда-саттық көлемінен 0,03 % (EURKZT_0_001).

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Желтоқсан айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ, қараша айында операциялар жүргізілмеді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрін көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.